

Б.Ж. Смағамбет* , **Ф.М. Аширбаева** 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

*e-mail: farida.ashirbaeva@mail.ru

ҚОҒАМНЫҢ БАЛАСЫЗ ОТБАСЫНА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫН ЗЕРТТЕУДЕ ЕРКІН АССОЦИАЦИЯ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Қазақстанда баласыз жұптар санының артуы – өзекті мәселе. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы еліміздегі медициналық себептер бойынша баласыз адамдардың санын «мемлекеттік мәселе» деп атайды, өйткені демографиялық көрсеткіштерге теріс ықпал етіп отыр. Егер бұрын баласыздықтың негізгі себебі әйелдер бедеулігі болып саналса, бүгінде мамандардың пікірінше, мұндай жағдайлардың орын алуы ерлер белсіздігінің санының артуына тікелей байланысты. Осы тұрғыда қоғамның баласыз отбасына көзқарасын зерттеу маңызды. Мақалада қоғамның баласыз отбасына деген көзқарасын зерттеуде еркін ассоциация әдісін қолдану қарастырылады. Зерттеудің мақсаты: зерттеу негізінде ассоциациялардың тиісті сипаттамаларын анықтай отырып, ассоциациялық тәжірибе арқылы қоғамның баласыз отбасыларына деген көзқарасын зерттеуде баласы жоқ отбасыларына қазақстандықтардың (жағымды/жағымсыз/бейтарап) пікірлері мен қоғамның «көп балалы отбасы», «баласыз отбасы», «чайлдфри» «ерлер денсаулығы», «әйел денсаулығы» ұғымдарына түсініктерін талдау болып табылады. Зерттеу жұмысының маңыздылығы – әлеуметтануда алғаш рет қоғамның баласыз отбасына деген көзқарасын ассоциациялық тәжірибе әдісін қолдану арқылы зерттеу.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері: ассоциациялық тәжірибелік зерттеудің нәтижесінде қоғамда «баласыз отбасы», «чайлдфри» әлеуметтік идеясы адамдардың санасында теріс эмоциялар, сезімдер мен күйлер, денсаулық сапасының төмендігімен байланысты; «көп балалы отбасы» туралы әлеуметтік идея күнделікті санада жағымды эмоциялар, сезімдер мен күйлер, көп балалы отбасының мүмкіндіктерінің, жауапкершіліктің жоғарылығымен анықталады; отбасындағы бақыт, «ерлер денсаулығы», «әйел денсаулығы» ұғымдары тікелей балалы болу түсініктерімен байланысты. Зерттеудің практикалық маңыздылығы – ассоциациялық тәжірибені зерттеуде қолдану әлеуметтік мағыналар мен әлеуметтік мәселелердің сапалық әртүрлілігін зерттеуге, сонымен қатар ассоциацияларды талдау үшін П.Вержестің прототиптік талдауы қолданылды. Әлеуметтанулық зерттеулердегі прототиптік талдау әлеуметтік идеялар мазмұнының құрылымын, атап айтқанда құндылық жүйелерін оларды қолдану режимінде топтарға бөлу тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: баласыз отбасы, бедеулік, ерлер денсаулығы, еркін ассоциациялық тәжірибе, ынталандыру сөздер, қоғамдық көзқарас, қосалқы репродуктивтік технологиялар.

B.Zh. Smagambet*, F.M. Ashirbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

*e-mail: farida.ashirbaeva@mail.ru

Using the method of free associations when studying the relationship of society to the homeless family

The increase in the number of childless couples in Kazakhstan is an urgent problem. The World Health Organization calls the number of childless people in the country for medical reasons a «state issue», as it negatively affects demographic indicators. If earlier the main cause of infertility was considered female infertility, today, according to experts, the occurrence of such cases is directly related to the increase in the number of male infertility. In this context, it is important to study the attitude of society towards a childless family. The article discusses the use of the method of free association in the study of the attitude of society to a childless family. The purpose of the study: to analyze the opinions of Kazakhstanis (positive/negative/neutral) in families without children and society's perceptions of the concepts of «large family», «childless family», «childfree», «men's health» «women's health» when studying society's attitude to childless families through associative experience with the definition of the relevant characteristics of associations based on the study is. The significance of the research work is that for the first time in sociology, the study of the attitude of society to a childless family using the method of associative experience.

The main results of the research work: as a result of associative experimental research in society, the social idea of «childless family», «childfree» is associated with poor health quality, negative emotions, feelings and states in people's minds; the social idea of «large family» is determined in everyday consciousness by positive emotions, feelings and states, the possibilities of a large family; increased the concepts of happiness in the family, «men's health», «women's health» are directly related to the concepts of having children. The practical significance of the study lies in the fact that the use of associative experience in the study of the qualitative diversity of social meanings and social problems, as well as for the analysis of associations, the prototypical analysis of P. Verges was used. The analysis of prototypes in sociological research makes it possible to identify the structure of the content of social ideas, in particular, the ways of dividing value systems into groups in the mode of their application.

Key words: childless family, infertility, men's health, free associative experience, stimulating words, public opinion, assisted reproductive technologies.

Б.Ж. Смағамбет*, Ф.М. Аширбаева

Евразийский национальный университет им. Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

*e-mail: farida.ashirbaeva@mail.ru

Применение метода свободных ассоциаций при изучении отношения общества к бездетной семье

Увеличение количества бездетных пар в Казахстане – это актуальная проблема, которую Всемирная организация здравоохранения называет «государственным вопросом», так как количество бездетных людей в стране по медицинским показаниям негативно влияет на демографические показатели. Если раньше основной причиной бесплодия считалось женское бесплодие, то сегодня, по мнению специалистов, возникновение таких случаев напрямую связано с увеличением числа мужских бесплодий. В этом контексте важно изучить отношение общества к бездетной семье. В статье рассматривается использование метода свободной ассоциации при изучении отношения общества к бездетной семье. Цель исследования: анализ мнений казахстанцев (позитивных/негативных/нейтральных) в семьях, не имеющих детей, и представлений общества к понятиям «многодетная семья», «бездетная семья», «чайлдфри», «мужское здоровье», «женское здоровье» при изучении отношения общества к бездетным семьям через ассоциативный опыт с определением соответствующих характеристик ассоциаций на основе исследования является. Значимость исследовательской работы – состоит в том, что впервые в социологии исследование отношения общества к бездетной семье с использованием метода ассоциативного опыта.

Основные результаты исследовательской работы: в результате ассоциативного экспериментального исследования в обществе социальная идея «бездетная семья», «чайлдфри» связана с низким качеством здоровья, негативными эмоциями, чувствами и состояниями в сознании людей; социальная идея «многодетная семья» определяется в повседневном сознании положительными эмоциями, чувствами и состояниями, возможностями многодетной семьи, повышенной ответственностью; понятия счастье в семье, «мужское здоровье», «женское здоровье» напрямую связаны с понятиями рождения детей. Практическая значимость исследования заключается в том, что использование ассоциативного опыта при изучении качественного разнообразия социальных смыслов и социальных проблем, а также для анализа ассоциаций использовался прототипический анализ П.Вержеса. Анализ прототипов в социологических исследованиях позволяет выявить структуру содержания социальных идей, в частности способы разделения систем ценностей на группы в режиме их применения.

Ключевые слова: бездетная семья, бесплодие, мужское здоровье, свободный ассоциативный опыт, стимулирующие слова, общественное мнение, вспомогательные репродуктивные технологии.

Кіріспе

Репродукция мәселесі – қазіргі қоғамда ең көп талқыланатын түйткілдің бірі. Некедегі бедеулік – қазіргі заманғы медициналық және элеуметтік мәселе. Соңғы онжылдықтарда элементінің көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстанда некедегі бедеулік жиілігі 15-17% құрап отыр,

осы тұрғыдан элеуметтануда қоғамның баласыз отбасына деген көзқарасын зерттеу маңызды. Шетелдік зерттеулерге сүйенсек, некедегі баласыздыққа әкелетін элеуметтік себептер өте әртүрлі болуы мүмкін екенін көрсетеді, өйткені адамның репродуктивті қабілетіне көптеген факторлар ықпал етуі мүмкін (Murphy-Lawless, 2004). Осылайша, баласыздық «неке нарығының»

(Debest, 2012) жұмысына байланысты деп айтуға болатын, талдауға қиын механизм. Ерлер мен әйелдердегі денсаулыққа қатысты мәселелер әрқашан өзекті және әлеуметтік жағдайы бойынша әлеуметтік тұрғыдан саралауды қажет етеді (Bozon, 2002: 40–45).

Дамыған елдердегі туу деңгейінің төмендеуі және үшінші әлем елдеріндегі туудың жоғары қарқыны ғалымдарды репродуктивті мінез-құлықты анықтайтын экономикалық, мәдени, психологиялық факторларды қайта қарастыруға мәжбүр етіп отыр. Дамыған елдердегі репродуктивті мінез-құлық факторларын зерттей отырып, Батыс зерттеушілері жеке тұлғалардың репродуктивті мақсаттарының қалыптасуына ықпал ететін ішкі факторларды зерттеуге баса назар аударады (Bhrolcháin, 2019: 27–56). Соңғы жылдары елімізде баласыз жұптар санының артуы байқалады.

Зерттеудің ерекшелігі мәселені анықтауда пилоттық зерттеу негізінде еркін ассоциациялық тәжірибе әдісін қолдану. Ассоциациялық тәжірибе (еркін ассоциация әдісі) – бейсананы талдау үшін психологияда, әлеуметтануда, психиатрияда, психоталдауда және басқа бағыттарда қолданылатын ғылыми әдіс. Бұл әдісті 19 ғасырда Фрэнсис Галтон қолданған, одан кейін Зигмунд Фрейд өзінің психоталдауында қолданды (Ильина, 2010: 7–10). Еркін ассоциациялық тәжірибені әлеуметтанулық қолдану мүмкіндіктері өте кең және ең алдымен әлеуметтанушының ассоциативті өрістің әлеуметтік детерминанттарына қызығушылық танытуымен анықталады. Еркін ассоциациялық тәжірибені қолдануда жыныс, жас, ұлт, кәсіп және т.б. демографиялық көрсеткіштердің ассоциацияларды таңдауда әлеуметтік маңыздылығын көрсетеді.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Қазіргі таңда қазақстандықтардың менталитетінде отбасы туралы идеялар ескі құндылықтарды өзгертіп, жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастардың негізінде қайта құрылуында, себебі әлемдік ақпараттық кеңістіктің қолжетімділігімен және экономикалық процестер мен институттардың жаһандануы, халықтың мобилді болуымен, қалалардың іріленуімен мен ғана емес, сондай-ақ негізгі жалпы адамзаттық құндылықтардың эволюциясымен байланысты. 2021 жылғы статистикалық мәліметтерге сәйкес Қазақстанда ірі үш қала Нұр-Сұлтан, Алматы,

Шымкентте 20 мыңнан астам қазақстандық отбасылар қосалқы репродуктивтік технологияларды (ҚРТ) қолдана отырып емдеуді қажет етеді. ҚРТ-ға, соның ішінде Жасанды ұрықтандыру (ЭКО), және суррогат ана жатады. Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкентте 20305 азамат ҚРТ қолдану арқылы емдеуді қажет етіп отыр, оның ішінде 14365 әйел және 5953 ер адам (sputnik.kz сайты). Еңбек ету мен ана болудың қосарлы ауыртпалығы мәселесіне тап болған әйелдердің саны күннен-күнге артып, баласыз болуды таңдап отыр, соның салдарынан ана болудың әлеуметтік мәні мен құндылығы өзгерді. Қоғамда баланы отбасында дүниеге әкелу, фертилілікті бақылау және оның мәселелерін шешу үшін көптеген технологиялық шешімдердің пайда болуына, адамның фертилілігінің постмодерндік моделі қалыптасуына байланысты ана мен отбасының балалы болу құндылығы да өз мағынасын өзгертуде, осы репродукцияның постмодерндік моделі туралы пайымдау Ж. Деррида, Ж. Бодриардың еңбектерінде кездеседі (Наберушкина, 2015). Постмодернистік тұжырымдары қазіргі репродуктивті мәдениетке тән: гендерлік ассиметрияны теңестіру, десакрализация, репродуктивті технологияларды коммерцияландыру деп айтуға мүмкіндік береді. Постмодернизмдегі өзгерістерге тек дәстүрлі гендерлік, рөлдік отбасылық құндылықтар ғана емес, сонымен бірге балалы болу құндылықтарында өзгертті. Қосалқы репродуктивті технологияларды ерлі-зайыптыларға қолдану қымбат, өйткені бағасы 850 мың теңгеден (шамамен 2 мың доллар) 1,5 миллион теңгеге (3,5 мың доллар) дейін өзгереді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры емделушіге орташа есеппен ҚРТ қолдануға 1 миллион теңге көлемінде жұмсайды (sputnik.kz сайты).

Зерттеу мақсаты

- зерттеу негізінде ассоциациялардың тиісті сипаттамаларын анықтау;
- ассоциациялық тәжірибе арқылы әлеуметтік мағыналар мен әлеуметтік мәселелердің сапалық әртүрлілігін зерттеу;
- қоғамның баласыз отбасыларына деген көзқарасын зерттеуде баласы жоқ отбасыларына қазақстандықтардың (жағымды/жағымсыз/бейтарап) пікірлерін талдау;
- қоғамның «көп балалы отбасы», «баласыз отбасы», «чайлдфри» «ерлер денсаулығы», «әйел денсаулығы» ұғымдарына түсініктерін талдау.


Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Пилоттық зерттеу негізінде еркін ассоциациялық тәжірибе әдісін қолдана отырып, орыс және қазақ тілінде жүргізілген онлайн сауалнамаға негізделген, сонымен қатар, ассоциацияларды талдау үшін П.Вержестің прототиптік талдауы қолданылды. Әлеуметтанулық зерттеулердегі прототиптік талдау әлеуметтік идеялар мазмұнының құрылымын, атап айтқанда құндылық жүйелерін оларды қолдану режимінде топтарға бөлуге көмектеседі деп санаймыз. Іріктеу көлемі: 100 респондент, іріктеу географиясы: Қазақстан Республикасы (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Ақтау, Өскемен, Қостанай, Семей, Кентау, Курчатов қалалары мен ауылдар), іріктеу түрі: кездейсоқ.

Нәтижелері және талқылама

Еркін ассоциациялық тәжірибенің ынталандыру сөздері: «отбасы», «ерлер денсаулығы», «әйел денсаулығы», «көп балалы отбасы», «баласыз отбасы», «чайлдфри». Сонымен қатар, ас-


социацияларды талдау үшін П.Вержестің прототиптік талдауы қолданылды (Vergès, 1992: 203–209). Мұндай таңдау «прототиптік талдау» әдісі арқылы, сондай-ақ ассоциациялық техниканың барлық деректерін категориялық талдау негізінде идеялардың құрылымын анықтауға және зерттеуге мүмкіндік беретіндігімен байланысты. П.Вержестің әдісі сөзді немесе сөз тіркесін жиілік және мазмұнды талдау арқылы жүзеге асырылды. Ассоциацияның өзегі негізінен «ынталандыру» сөзімен байланысты. Респонденттерге жоғарыда берілген ынталандыру сөздер мен сөз тіркесіне ассоциация үш сөз жазу ұсынылды. Онлайн сауалнамаға кездейсоқ іріктеу нәтижесінде 100 респондент қатысты. Зерттеуге Қазақстан Республикасы бойынша (1–суретте көрсетілгендей), Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Ақтау, Өскемен, Қостанай, Семей, Кентау қалалары сонымен бірге Ақтөбе облысының Құрман, Қызылжар ауылдарының тұрғындары қатысқан. Ең көп респонденттер қатысқан қалалар: Нұр-Сұлтан қаласы – 44%, Қарағанды – 10%, Шымкент – 8%, Алматы – 6%, Ақтөбе – 6%,



1-сурет – Респонденттердің аумақтық құрылымы

Ассоциациялық тәжірибеге қатысқан респонденттердің 48% ерлер мен 52% әйелдер. Ал, жастық құрылымына келетін болсақ, 2-суретте көрсетілгендей, 18-22 жас аралығында 24 адам, 23-28 жас аралығында 14 адам, 29-35 жас аралығында 40 адам, 36-


55 жас аралығында 12 адам, 56 жастан жоғары 10 адам қатысты. Зерттеуге ең көп қатысқан топ 29-35 жас арасындағылар мен 18-22 жас аралығындағы студенттер, себебі осы жастағы респонденттер – белсенді репродуктивті жастағылар.



2-сурет – Респонденттердің жастық құрылымы

Зерттеуге қатысқан респонденттердің «Мемлекеттік қызметкерлер» 9% көбі Нұр-Сұлтан қалаларының тұрғындары, «Жалдамалы жұмыскерлер» 13%, «Кәсіпкерлер» 13%, «Бюджет қызметкерлері» 21%, 19% студенттердің көбі Нұр-Сұлтан, Шымкент, Ақтөбе қалаларынан, «Декретте отырған аналар» 6%, «Үй шаруасындағылар» 9%, «Зейнеркерлер» 4%, сонымен қатар «Басқа» қызмет түрін 6% таңдаған. Басқа қызмет түріне «Вахталық» жұмыс түрін көрсеткендер Ақтау, Ақтөбе қаласы мен Науылдағы тұрғындары. 3-суретте көрсетілгендей, білім


деңгейіне байланысты респонденттер ішінде, «жоғары білімділер» көп, олар жалпы 100 % көрсеткіштің 93 % құрап отыр. Респонденттердің білім деңгейінің, отбасы табысының және отбасы мүшелерінің жұмыспен қамтылу деңгейінің отбасы мен отбасылық (Becker, 1960: 209–240) қатынастарға ықпалын Г.Беккер дәлелдеген. Ассоциациялық тәжірибеміз де осыны көрсетіп отыр, респонденттердің жоғары білімділер мен табыс деңгейі жоғарылары көп балалы отбасын қалайды.




3-сурет – Білім деңгейі бойынша респонденттердің құрылымы

Зерттеуге қатысқан респонденттердің отбасылық жағдайы 4-суретте көрсетілген. Олардың ішінде

«заңды некеде» тұратындары 58%, «азаматтық неке» 16%, «ажырасқандар» 4%, «жесірлер» 2%.



4-сурет – Отбасылық жағдайы бойынша респонденттердің құрылымы



5-сурет – Респонденттердің атқаратын қызмет түріне байланысты құрылымы

Ассоциациялық тәжірибенің нәтижесі бойынша әр ынталандыру сөзінің оң және теріс, бейтарап ассоциациялар арақатынасы 1-кестеде көрсетілді. Ассоциациялық сөздерді талдауда «жыныс», «жас», «ұлт», «мамандық» және т. б. сияқты көрсеткіштердің әлеуметтік маңыздылығын байқауға болады. Ассоциациялық тәжі-

рибенің нәтижесінде (1-кесте) «отбасы» сөзіне 240 ассоциация жағымды. Респонденттердің барлығы 100% «жағымды» пікір білдірген. «отбасы» сөзін махаббатпен, байланыстырған респонденттердің ішінде әйелдердің үлесі 90%, бақытпен – 83% құрады. Ер адамдарда «отбасы» сөзі бірінші орында бала, ата-ана ұғымдарымен ассоциациялық байланыста.

1-кесте – Оң және теріс ассоциациялардың саны

	Барлығы	Жағымды пікір	Жағымсыз пікір	Бейтарап немесе хабары жоқ
Отбасы	240	240	-	-
Ерлер денсаулығы	174	165	8	1
Әйел денсаулығы	170	164	6	0
Көп балалы отбасы	180	144	36	0
Баласыз отбасы	168	21	146	1
Чайлдфри	120	24	66	30

Әлеуметтанушы үшін сөзсіз қызығушылық ассоциациялық өрістердің әлеуметтік ұстанымдарға байланысты қалай өзгеретінін зерттеу. Мысалы, ерлер мен әйелдер өздерінің «ерлер денсаулығы», «әйелдер денсаулығы» сөз тіркестеріне берген жауаптарындағы ассоциациялары өте ұқсас, бірақ гендерлік айырмашылықтар бар, өйткені әйелдер ер адамдарға қарағанда, денсаулықты «күтім», «өзіне көңіл бөлу», «диета» және «өзіне махаббатпен қарау», «өзіңді жақсы көру» деген ұғымдармен байланыстырған. Ер адамдар нақты «бала», «дені сау ұрпақ», «спорт», «зиянды әрекеттен аулақ болу» деп көрсеткен. Сонымен қатар ер адамдар «әйел денсаулығы» ұғымын сұлулықпен және әдемі мүсінмен байланыстырған. «Ерлер денсаулығы» ұғымын әйел адамдар «артық салмақ», «ішімдік» сияқты зиянды әрекеттер деп байланыстырады.

Ассоциациялық тәжірибелік зерттеуіміз көрсетіп отырғандай, «көп балалы отбасы» және «баласыз отбасы» сөз тіркестеріне берілген ассоциацияларды салыстыратын болсақ, «көп балалы отбасы» барлығы 180 ассоциацияның 144 жағымды тек 36 ғана жағымсыз. Жағымсыз ассоциациялардың ең көбін 18-35 жас аралығындағы әйел адамдар жазған. Жағымсыз пікірлердің ішінде әйелдер «қиындықтар», «кедейлік», «стресс» сөздерін қолданған. Ал ерлер қауымы «көп балалы отбасын» қолдайды, оны «көп балалы отбасын» сөз тіркесіне 83% ер респонденттердің «байлық», «бақыт», «қуаныш» ұғымдарымен ассоциацияландырған. Зерттеуімізге сәйкес, «көп балалы отбасына» деген жағымды үрдіс дәстүрлі отбасылық құндылықтары жоғары және патриархаттық отбасы моделінің басым аймақтар Шымкент, Кентау, Алматы, Ақтау қалаларында байқалады. Ал «баласыз отбасы» сөз тіркесіне 168 барлығы ассоциацияның 146 жағымсыз пікір

қалдырған. Жағымды пікір қалдырғандардың ішінде жас ерекшелігі 18-22 жас аралығындағылар көбірек. Сауалнама нәтижелері жас ұрпақ арасында дәстүрлі ұстанымдар сақталып отырғанын, бірақ отбасы институтына деген көзқарастардың өзгергенін, өмір сүрудің басқа үлгілері мен неке қатынастарын құру формаларының қалыптасып келе жатқанын көрсетіп отыр, оған дәлел, «чайлдфри» сөзіне 66 жағымсыз пікір білдіргендер ішінде ер адамдар саны басым. Бейтарап немесе хабары жоқтар ішінде жас ерекшелігі 18-22 жас аралығындағылар басым, мұны біз «Z» ұрпақтың «чайлдфри», «баласыз отбасы» отбасыларына бейтарап пікірде екенін байқауымызға болады, себебі «чайлдфри» сөзіне «еркіндік», «таңдау еркіндігі», «бостандық» ассоциацияларын көп қолдануынан көріп отырмыз. «чайлдфри» сөзіне нормативтік емес лексиканы тек ер адамдар орыс тілінде қолданған. 18-22 жас аралығындағы «Z» ұрпақтың еркін ойлануын, «чайлдфри», «баласыз отбасы» сөздер мен сөз тіркестеріне жағымды қарауын қоғамдық қатынастардың күрделенуі, индустриаландыру, урбанизация және басқа да көптеген факторлар халықтың мобилділігінің артуына, жеке бас бостандығына, әлеуметтенудің күрделенуіне байланысты ұрпақ аралық ерекшелік деп айтуға болады. Трансформация процесі жауапкершілікті моральдық-этикалық құндылық ретінде түсінуге қатысты да байқалады. З.Бауман қазіргі жастар үшін жауапкершілік қысқа мерзімді, құралдық сипатқа ие болатынын айтады. «Z» буынының өкілдері жауапкершіліктен бас тартуды немесе оның үлесін дәрежесі жағынан да, уақыт жағынан да барынша азайтуды жөн көреді (Коноплева, 2019). П.Вержестің прототиптік талдауына сәйкес, сөздер мен сөз тіркестерінің қолдану жиілігі 2-кестеде көрсетілді.

2-кесте – Сөздер мен сөз тіркестерінің қолдану жиілігі

	Жағымды пікір	Жағымсыз пікір	Бейтарап немесе хабары жоқ
Отбасы	Ұй, бала бақыт, махаббат	-	-
Ерлер денсаулығы	Ұрпақ, бала спорт, дені сау балалар, күш	Артық салмақ, ішімдік,	
Әйел денсаулығы	Дені сау бала, денсаулықты күту, сұлулық	Емделу қымбат	
Көп балалы отбасы	Бақытты отбасы, үлкен жауапкершілік, байлық, қуаныш	Шу, қиындықтар, кедейлік, стресс	
Баласыз отбасы	Үміт үзбеу, бала күту, сабырлы болу	Қу мазар, бақытсыз, өкініш сезім	Бөлме
«Чайлдфри»	Бостандық, еркіндік, дұрыс шешім, таңдау құқығы	Ақымақтық, тупизм, өзімшілдік, қатыгездік	Жауап жоқ, білмеймін

«Баласыз отбасы» сөз тіркесін 63% әйел адамдар «үміт үзбеу», «баланы күту» ассоциация сөздерімен байланыстырған. Ал ер адамдарда «аянышты», «бақытсыз» сөздері жиі кездеседі. «Көп балалы отбасы» және «баласыз отбасы» тіркестерінің ассоциациялық ұғымдардың мазмұнын талдауда «баласыз отбасы» ұғымын көптеген респонденттер жағымсыз құбылыс ретінде анықтайтындығын және респонденттердің санасында денсаулықтың нашарлығы мен аурумен байланысты екенін көрсетеді. Сонымен бірге респонденттердің санасындағы баласы жоқ отбасы теріс эмоцияларға бағытталған және оларды тудыратын құбылыс ретінде қарастырылады. Қала мен ауыл тұрғындарының жауабындағы айырмашылық «чайлдфри» ұғымдары оларға таныс емес немесе мүлде естімеген.

Әлеуметтік өзгерістер классикалық дәстүрлі отбасылардың өзгеруіне әкелді. Елдегі әлеуметтік, экономикалық, саяси өзгерістердің ықпалымен қазақстандық отбасының елеулі өзгерістері орын алды, мұны дәстүрлі отбасы нысандарының дағдарысы дей отырып, кейбір жастардың некеден тыс қарым-қатынасын, ажырасулар санының көбеюін, бала туудан ерікті түрде бас тартуды, ата-анасының біреуі бар толық емес отбасылардың, сондай-ақ ата-анасы жоқ отбасылардың, патронаттық отбасылардың және басқа да көптеген нысандар мен отбасы түрлерінің көбеюін жиі байқаймыз, соның салдарынан болатын ажырасу санының өсуі туудың төмендеуіне әкелетіні мәлім.

Қорытынды және тұжырымдама

Кез келген қоғамның негізгі міндетінің бірі – ұдайы өндіріс. Ассоциациялық тәжірибе әдісі қоғамның баласыз отбасына деген көзқарасын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу әдісінің ерекшелігінің нәтижесінде отбасы тарихи қалыптасқан әлеуметтік-мәдени құрылым және әлеуметтік топ ретінде қоғамда болып жатқан өзгерістерді көрсететінін, сонымен бірге әлеуметтік жүйенің және жаһандық әлеуметтік тәртіптің сыртқы ықпалынан өзгерістерге ұшырағанын байқауға болады. Зерттеудегі болжамымызға сәйкес, қоғамның өзгеруінің қазіргі кезеңінде отбасылардың құрамы мен сипаттамаларының өзгеруі нәтижесінде қолданыстағы ұлттық-мәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың әлсіреуі байқалады, бұл өз кезегінде неке мен отбасының дәстүрлі негіздерінің дағдарысына әкеледі. Отбасылық құндылықтардың өзгеруі

ата-аналардың репродуктивті көзқарастарының өзгеруімен байланысты. Жалпы, бала туудың төмендеуі қазіргі қоғамның көрсеткіштерінің бірі, өмірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайларының өзгеруіне, белгілі бір дәрежеде неке мен бала туу кейінге қалдырылған кезде отбасылық өмір салтының дағдарысына негізделген. Сондай-ақ, отбасындағы балалар санын азайтуға деген тұрақты көзқарас қалыптасып, қоғамда өмірді даралау идеялары басым болуда. Жаңа отбасы жүйесі сөзсіз отбасы мүшелерінің отбасылық формалары мен әлеуметтік рөлдерінің өзгеруіне әкеліп отыр. Қоғамның құндылық және әлеуметтік-технологиялық салаларының біркелкі дамуы жағдайында әртүрлілікке төзімділік этикасын дамыту қажет, отбасының тек бір түрі «қалыпты», ал қалғандары бұрмаланған және «диффузиялы» деп ойлауға болмайды. Отбасы институты сақталады, бірақ жаңа техносфера, социосфера және инфосфера жағдайларына бейімделіп, пішінін өзгертеді (Говорова, 2018: 81–84).

Қоғамдағы ақпараттық және әлеуметтік-саяси ағымдардың шапшаңдығы мен көп бағыттылығы біздің алдымызға қазіргі қазақстандық қоғамда отбасылық құндылықтар өрісі қандай негізде дамып келе жатқандығы туралы мәселені қойып отыр, қазіргі таңда қазақстандықтардың менталитетінде отбасы туралы идеялар күрделі жағдайларда ескі құндылықтарды бұзып, жаңа әлеуметтік және экономикалық қатынастарды қалыптастыруда. Осы өзгерістерді халықтың мобилділігінің артуымен, қалалардың урбанизациясымен, жалпы әлемдік ақпараттық кеңістіктің қолжетімділігімен және экономикалық процестер мен институттардың жаһандануымен ғана емес, сондай-ақ негізгі жалпы адамзаттық құндылықтардың эволюциясымен байланысты түсіндіруге болады. Осы өзгерістерге байланысты Э.Гидденс өсіп келе жатқан жыныстық теңдік әлемінде, тіпті мұндай теңдік жетілуден алыс болса да, екі жыныстың да бір – біріне деген көзқарастары мен мінез-құлқындағы түбегейлі өзгерістерге мәжбүр болатындығын айтады (www.iurp.ru сайты).

Отбасы барлық қоғамдарда институционалдық құрылым ретінде дамиды, оның мақсаты белгілі бір әлеуметтік мәселелерді шешу екені сөзсіз. Батыс әдебиетінде репродуктивті мінез – құлық адамдардың ұтымды таңдауының салдары деп саналады (Tversky, 1990: 201–211), бірақ жақында эмпирикалық дәлелдер жинақтала отырып, репродуктивті мақсаттарды таңдаудың

ұтымды моделімен ғана тікелей байланысты болмайтын терең психологиялық, әлеуметтік және экономикалық факторлар бар деген түсінік пайда болды (Bruni, 2007: 146–173). Дәстүрлі отбасының институционалдық сипаттамаларына классикалық талдауды П.Сорокин зерттеген (Сорокин, 2000). П.Сорокин ұсынған әдістеме отбасын қоғамның негізгі құрылымдық бірлігі ретінде қарастыру болды. Бұл түсінікте отбасының институттық функциялары терең, ерекше және басқа институттардың ұқсас функцияларымен алмастырылмайды. Кейінгі құрылымдық-функционалдық талдау парадигмасы аясында отбасының функциялық және статустық-рөлдік ерекшелігі туралы іргелі теориялық идеялар әзірленді.

Баласыз отбасы феномені – өте күрделі құбылыс, өйткені оның негізгі функцияларын анықтауда айқын қиындықтар туындайды. Оны ассоциациялық тәжірибелік зерттеуіміз де дәлелдеп отыр, себебі «баласыз отбасы», «чайлдфри» әлеуметтік идеясы адамдардың санасында теріс эмоциялар, сезімдер мен күйлер, денсаулық сапасының төмендігімен байланысты. Зерттеулер көрсетіп отырғандай, қазақстандық қоғамда «көп балалы отбасы» туралы әлеуметтік идея күнделікті санада жағымды эмоциялар, сезімдер мен күйлер, көп балалы отбасының мүмкіндіктерінің, жауапкершіліктің жоғарылығымен, көп уақытты талап ететіндігін,

экономикалық қымбаттығын, бақытты, толық отбасы ретінде сипаттаулармен көрсетілген, бұны біз Г.Беккердің рационалды таңдау теориясы балалы болу туралы шешімді инвестициялармен ұтымды пайда тұрғысынан түсіндіруге болады. Осы тұжырымдамаға сәйкес, экономикалық даму барысында адам уақытының құны отбасымен жеке тұлғаның әл-ауқаты мен өркендеуінің автономды және негізгі факторына айналуға, ал әрбір келесі баланың дүниеге келуімен оның ата-аналар үшін «шекті пайдалылығы» объективті түрде азаяды. Бұл ретте балаға жұмсалатын уақыт шығындары құнының өсуі әйелдердің еңбек нарығындағы еңбек белсенділігінің артуына себепші болады. Басқаша айтқанда, баланың туылуымен анықталған уақытты жоғалту әйел үшін неғұрлым маңызды болса, оның біліктілігі мен жұмыс уақытының құны соғұрлым жоғары болады, тиісінше, еңбек нарығында сұранысқа ие әйел үшін бала тууға байланысты шығындар жоғары болады, бұл бала тууды таңдауға ықпал етеді. Рационалды таңдау теориясына сәйкес, бала туу деңгейінің жоғарылауына психологиялық пайданың артуы немесе балалардың экономикалық шығындарының төмендеуі арқылы қол жеткізуге болады. Бұдан байқағанымыз, отбасындағы бақыт, «ерлер денсаулығы» «әйел денсаулығы» денсаулық ұғымдары тікелей балалы болу түсініктерімен байланысты және әлеуметтік құндылық ретінде маңыздылыққа ие.

Әдебиеттер

- Becker G.S. An Economic Analysis of Fertility. Demographic and Economic Change in Developed Countries. Princeton: National Bureau of Economic Research, 1960. – 240 p.
- Bhrolcháin M.N., Beaujouan É. Do People Have Reproductive Goals? Constructive Preferences and the Discovery of Desired Family Size. In: Schoen R. (ed.) Analytical Family Demography. – Cham: Springer, 2019. – P.27–56. DOI: 10.1007/978-3-319-93227-9
- Bozon M. Sociologie de la sexualité. – Paris: Nathan, 2002.
- Bruni L., Sugden R. The Road not Taken: How Psychology was Removed from Economics, and How it Might be Brought Back // *The Economic Journal*. – 2017. – Vol. 117. – №. 516. – P.146–173. DOI: 10.1111/j.1468-0297.2007.02005.x.
- Vergès P.L. Evocation de l'argent: Une méthode pour la définition du noyau central d'une représentation // *Bulletin de psychologie*. – 1992. – Т. 15. – № 405. – P.203 – 209.
- Говорова А. Д. Инглхарт Р. Культурная эволюция: как изменяются человеческие мотивации и как это меняет мир // *Интеракция. Интервью. Интерпретация*. – 2018. – Том. 10. – № 16. – С. 81–84.
- Debest C. Le choix d'une vie sans enfant au cœur de la construction du couple, 2014. – 204 p. DOI: 10.4000/lectures.16367
- Ильина В.А. Ассоциативный эксперимент как способ образования семантического поля // *Вестник Московского государственного областного университета. Серия «Лингвистика»*. – 2010. – № 5. – С. 7–10.
- Коноплева А.А. Культурные предпочтения Z-поколения (на основе результатов социологического исследования) // *Манускрипт*. – 2019. – Том 12. – Выпуск 9. – С. 146–150.
- Murphy-Lawless J., Oaks L., Brady C. Understanding how sexually active women think about fertility, sex, and motherhood // *Crisis Pregnancy Agency Report*. – 2004. – №. 6.
- Наберушкина Э.К., Узакова С.А. Система семейных ценностей казахстанского социума в современных условиях // *Современные проблемы науки и образования*. – 2015. – № 1-1.
- Ситуация не улучшается: 18% семейных пар страдают бесплодием в Казахстане [Электронный ресурс]. – 2021 – <https://ru.sputnik.kz/20210319/situatsiya-ne-uluchshaetsya-okolo-18-semeynykh-par-stradayut-besplodiem-v-kazakhstane-16586509.html> (дата обращения: 19.03.2021)

Сорокин П.А. Социальная и культурная динамика: Исследование изменений в больших системах искусства, истины, этики, права и общественных отношений. – СПб.: РХГИ, 2000.

Страны между разными поколениями, воспитанными в разных социально-экономических условиях // *Экономика и социум*. – 2016. – №4(23).

Tversky A., Thaler R. H. Anomalies: Preference Reversals // *Journal of Economic Perspectives*. – 1990. – Vol. 4. – № 2. – P. 201 – 211. DOI: 10.1257/jep.4.2.201.

References

Becker G.S. (1960) An Economic Analysis of Fertility. Demographic and Economic Change in Developed Countries, Princeton.: National Bureau of Economic Research, 240 p.

Bhrolcháin M.N., Beaujouan É. (2019) Do People Have Reproductive Goals? Constructive Preferences and the Discovery of Desired Family Size. In: Schoen R. (ed.) Analytical Family Demography. Cham: Springer, pp. 27-56. DOI: 10.1007 / 978-3-319-93227-9

Bozon M. (2002) Sociology of sexuality. Paris: Nathan.

Bruni L., Sugden R. (2017) The Road not Taken: How Psychology was Removed from Economics and How it Might be Brought Back. *The Economic Journal*, vol. 117, no 516, pp.146–173. DOI: 10.1111 / j.1468-0297.2007.02005.x.

Debest C. (2014) Le choix d'une vie sans enfant au cœur de la construction du couple, 204 p. DOI: 10.4000 / lectures.16367

Govorova A. D. Ingelhart R. (2018) Kul'turnaya evolyuciya: kak izmenyayutsya chelovecheskie motivacii i kak eto menyaet mir [Cultural evolution: how human motives change and how it changes the world]. *Interaction. Interview. Interpretation*, vol. 10, no 16, pp. 81–84. (In Russian)

Ilyina V.A. (2010) Associativnyj eksperiment kak sposob obrazovaniya semanticheskogo polya [Associative experiment as a method of forming a semantic field]. *Bulletin of the Moscow State Regional University. Ser. Linguistics*, no 5, pp. 7–10. (In Russian)

Konopleva A.A. (2019) Kul'turnye predpochteniya Z-pokoleniya (na osnove rezul'tatov sociologicheskogo issledovaniya) [Cultural preferences of Z-generation (based on the results of sociological research)]. Manuscript, vol. 12, no 9, pp. 146–150. (In Russian)

Murphy-Lawless J., Oaks L., Brady C. (2004) Understanding how sexually active women think about fertility, sex, and motherhood. *Crisis Pregnancy Agency Report*, no 6.

Naberushkina E.K., Uzakova S.A. (2015) Sistema semejnyh cennostej kazahstanskogo sociuma v sovremennyh usloviyah [The system of family values of the Kazakh society in modern conditions]. *Modern problems of science and education*, no 1-1. (In Russian)

Situaciya ne uluchshaetsya: 18% semejnyh par stradayut besplodiem v Kazahstane [The situation is not improving: 18% of couples suffer infertility in Kazakhstan] [Electronic resource]. 2021 <https://ru.sputnik.kz/20210319/situatsiya-ne-uluchshaetsya-okolo-18-semeynykh-par-stradayut-besplodiem-v-kazahstane-16586509.html> (date of application: 19.03.2021) (In Russian)

Sorokin P.A. (2000) Social'naya i kul'turnaya dinamika: Issledovanie izmenenij v bol'shih sistemah iskusstva, istiny, etiki, prava i obshchestvennyh otnoshenij [Social and cultural dynamics: The study of changes in large systems of art, truth, ethics, law and public relations]. SPb.: RHGI. (In Russian)

Strany mezhdud raznymi pokoleniyami, vospitannymi v raznyh social'noekonomicheskikh usloviyah [Countries between different generations, brought up in different socioeconomic conditions] (2016). *Economics and society*, no 4 (23). (In Russian)

Tversky A., Thaler R. H. (1990) Anomalies: Preference Reversals. *Journal of Economic Perspectives*, vol. 4, no 2, pp. 201 – 211. DOI: 10.1257 / jep.4.2.201.

Vergès P.L. (1992) Evocation of the agent: A method for the definition of the new central d'une representation. *Bulletin de psychologie*, vol. 15, no 405, pp.203 – 209.